

Екпетал мектеп - балабақшасы бойынша

«02» қыркүйек 2024 ж

Екпетал селосы

Бұйрық №41

2024-2025 оқу жылының
сабақ кестесін бекіту
туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 05 тамыздағы ҚР ДСМ №76 бұйрығы мен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» негізінде Бұйырамын:

1. Аталған санитарлық қағиданың 5 тарау 71-76 тармақшаларына сәйкес 2024-2025 оқу жылында 1-9 сыныптардың оқу портфелінің немесе аспалы сөмкенің (рюкзактың) салмағынсыз күн сайынғы оқу жиынының (оқулықтар, ОӘК және жазу құралдары) гигиеналық нормативтерін ескере отырып құрылған сабақ кестесі бекітілсін. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» Санитарлық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдалану қажет.

2. Жұмыс оқу жоспарындағы вариативтік, компоненттердегі элективті курстар, қолданбалы курстардың сабақ кестелері бекітілсін.

3. Сабақтан тыс ұйымдастырылатын спорттық секциялар мен қосымша үйірмелерді өткізу кестесі бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу және тәрбие жөніндегі орынбасарлары Г.Абдрахманова мен Ж.Арыстановаға жүктелсін.

Мектеп директоры:  Г.Жумагулова.

